КОПИЯ/КӨШІРМЕ

**ШЕШІМ**
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН**

2024 жылғы 11 желтоқсан 7119-24-00-2/15462 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Астана қаласы "Есіл" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «MRK» тұлғасында Мұхитұлы Руслан Кеңес

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

«Астана қаласы "Есіл" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «MRK» тұлғасында Мұхитұлы Руслан Кеңеске мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «MRK» тұлғасында Мұхитұлы Руслан Кеңесті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «MRK» тұлғасында Мұхитұлы Руслан Кеңестен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 11.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Шамшильдин Т., 21.01.2025

7119-24-3-1/14937